

ӘОЖ 37.011

К.С. Құдайбергенова

«Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы, педагогика ғылымдарының докторы, доцент,
білім беру сапасын басқару кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: kulzada24@mail.ru

Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының заңдылықтары

Мақалада құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының заңдылықтары қарастырылады. Тұлғаның құзырлылығы белгілі құрылымнан тұрады және соның бөлімшелері адамның күнделікті, кәсіби және әлеуметтік өміріндегі түрлі мәселелерді шешу қабілетімен байланысты. Құзырлылық педагогикалық категория ретінде оның дамуын логиканың және материалистік диалектиканың заңдарынан туындайтын педагогикалық ұстанымдар, заңдылықтар арасындағы байланысы көрсетіледі. Қазіргі білім үлгісіндегі күрделі де қарама-қайшылығы мол үдерістердің уақыт талабын қанағаттандыра алмауы күн тәртібіне білім беруді түбегейлі қайта қарауға көңіл бөлініп, басты мақсат білім мазмұнын өзгерту, оқу мерзімін ұзарту немесе пәндер көлемін ұлғайтумен шектеліп қалмай, білім беру кеңістігіндегі құндылық бағыттарының өзгеруіне байланысты рухани, адамгершілік өлшемдерін терең түсіну; адамның білім беру үдерісі арқылы рухани құндылықтармен қауышып, әлем мәдениетіне қол жеткізу екендігіне көңіл бөлінеді.

Құзырлылықтың категория ретінде ішкі қозғалысы, ішкі және тұрақты байланысы, өзін-өзі теріске шығаруы логиканың, материалистік диалектиканың заңдарынан туындайтын педагогикалық заңдылықтары мен ұстанымдары беріледі. Яғни жалпы заңдылығы, дидактикалық заңдылығы, гносеологиялық заңдылығы, психологиялық заңдылығы, кибернетикалық заңдылығы, әлеуметтік заңдылығы, ұйымдастырушылық заңдылығы көрсетіледі. Қазіргі дидактикалық зерттеулерге сай, тұтас педагогикалық үдеріске қатысты жаңаны танып білу мен ескіні өзгерту барысында білім арудың белгілі төрт заңдылықтарын (білім алушы мен мақсат; мақсат пен білім мазмұны; білім алушы мен білім беруші, мақсат пен үдеріс) екі заңдылықпен толықтырудың қажеттілігін туындатады. Олар әлеуметтік орта сұранысы мен білім алушы арасындағы байланыс; мақсат пен нәтиже арасындағы байланысты сипаттайды.

Автор құзырлылықтың педагогикалық категориясы ретінде жалпы және дидактикалық заңдылықтарды айқындайды.

Түйінді сөздер: құзырлылық, категория, логикалық, материалистік-диалектикалық заңдылықтар, педагогикалық, дидактикалық заңдылықтар, нәтижеге бағытталған білім беру жүйесі, кіру, шығу критерийлері.

K. Kudaibergenova

The regularities of the development of competencies as a category of pedagogy

In this article deals with the regularities of society integration and education through the theoretical foundations of the competence of both pedagogical category. The competence of the individual consists of a structure in which there is a solution of various problems in the life of the man in the aspect of the professional and social activities. Competence as pedagogical category shows the communication patterns, pedagogical principles which originate in the pedagogical process. Today's model of education requires draw attention to the effectiveness of the process and in these conditions компететность is considered by the authors as the end product of education. The main objective of the education of the authors is seen in the

changes in the content of education, in the formation of values in the space of education, in the deep sense of morality, i.e. in the possibility of through the process of education is to give man a harmonious state of mind and spiritual values.

As the category of the competence of the internal motion of the process through the pedagogical patterns and principles. Allocated total, дидактическая,gnoseological, psychological, cybernetic and social patterns. In accordance with modern didactic research for the whole 4 main regularities in education (education consumers and their objectives, purpose and content of education, studying and training, the purpose and process) should be complemented by two laws: this is the connection requests of the social environment and обучающихся, взаимосвязь objectives and results.

The article consists of an introduction, main part and conclusion, with the main part of the notion of «competence» from the point of view of modern didactic research, shall be established by laws of the development of competence as pedagogical category. The article presents two schemes. Chart 1 reflects the regularities of the development of competencies as a pedagogical category that allows readers to clearly see the relationship of the didactic laws with the laws of развития компететности. In diagram 2 the author обосновывает компететность as a criterion of the output of educational system oriented to the result.

The author establishes a General and didactic regularities of the development of competencies as a category of pedagogy.

Keywords: competence, category, didactic and pedagogical patterns, patterns of materialistic диалектизма, education, oriented at the result, the criteria of entry and exit.

К.С. Кудайбергенова

Закономерности развития компетентности как категории педагогики

В данной статье рассматриваются закономерности интеграции общества и образования через теоретические основы компетентности как педагогической категории. Компетентность личности состоит из структуры, в которой есть решение различных проблем в жизни человека в аспекте профессиональной и социальной деятельности. Компетентность как педагогическая категория показывает связь закономерностей, педагогических принципов, которые зарождаются в педагогическом процессе. Сегодняшняя модель образования требует обратить внимание на результативность процесса, и в этих условиях компетентность рассматривается авторами как конечный продукт образования. Главная цель образования авторами видится в изменении содержания образования, в формировании ценностей в пространстве образования, в глубоком понимании нравственности, т.е. в возможности через процесс образования дать человеку гармоничное душевное состояние и духовные ценности.

Как категория “компетентность” – это внутреннее движение процесса через педагогические закономерности и принципы. Выделяются общая, дидактическая, гносеологическая, психологическая, кибернетическая и социальная закономерности. В соответствии с современными дидактическими исследованиями, касающимися целостного педагогического процесса, 4 основные закономерности при получении образования (потребители образования и их цели, цель и содержания образования, обучающийся и обучающий, цель и процесс) должны быть дополнены двумя закономерностями: это связь запросов социальной среды и обучающихся, взаимосвязь цели и результата.

Статья состоит из введения, основной части и выводов. В основной части раскрывается понятие «компетентность» с точки зрения современных дидактических исследований, устанавливаются закономерности развития компетентности как педагогической категории. В статье представлены две схемы. Схема 1 отражает закономерности развития компетентности как педагогической категории, что позволяет читателям наглядно увидеть взаимосвязь дидактических закономерностей с закономерностями развития компететности. В схеме 2 автор обосновывает компететность как критерий выхода образовательной системы, ориентированной на результат.

Автор устанавливает общую и дидактическую закономерности развития компетентности как категории педагогики.

Ключевые слова: компетентность, категория, дидактические и педагогические закономерности, закономерности материалистического диалектизма, образование, ориентированное на результат, критерии входа и выхода.

Кіріспе

Жаһандық ғаламданудың кеңеюі, ақпараттық технологиялардың өріс алуы, білім беру нәтижесіне халықаралық талаптардың күшеюіне байланысты Н. Назарбаев: «Ұлтымыздың әлеуетін оятуға және оны жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет», – деп барлық білім беру жүйесінің қарқынды дамуына, ертеңгі болашағына тұғыр боларлық міндет жүктейді.

Бұл орайда білімнің эволюциялық дамуындағы ақпараттық қызметінен, адамды өмір бойы оқуға жетелеуші, дамытушы құралға айналуын, оқытудың белсенді формаларына көшуін, негізгі күтілетін нәтиже ретінде құзырлылықтың ендірілуін басым бағыттар ретінде атап өтуге болады. Сонымен бірге білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту деп қарастырылуының өзі балаға, адамға деген көзқарастың түбегейлі бетбұрғандығын көрсетіп отыр.

Сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету әлі де ізденуді, талдауды талап етеді. Сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуді қаражаттан емес, білім беру ұйымдары субъектілерінің рухани жан дүниесінен іздеу керек болар. Ұлы Абайдың отыз сегізінші сөзінде: «надандық-білім-ғылымның жоқтығы, еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны, залымдық – адам баласының дұшпаны», – деп адамның рухани азуының үш факторын атап өтеді. Сондықтан да ұрпақ тәрбиелейтін ұстаздарымыздың болмысын заманауи талаптарына сай шыңдай түсудің қажеттігін Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында негізгі құндылық ретінде айрықша атап өтеді.

Құндылық – экономикаға, саясатқа жапсырылатын қосымша емес, бұл адамдардың жинақталған мақсаттары мен мінез-құлықтарының нормасы жөніндегі адамзаттың, этностың жеке мәдениеттерінің мәнін тарихи тәжірибелерін жүзеге асырушы базалық көрсеткіштер. Сондықтан да білім мазмұнының өзегі ретінде білім алушы адамның тұлғалық болмысы, әлеуметтік ортаның қарама-қайшылықтарында өзін жүзеге асыру қабілеті алынуы қажет. Сонда ғана білім әлеуметтік институт ретінде кешегі ірі тұлғалардың

тәжірибесімен, әлеуметтік орта, өркениет жетістіктерімен білім мазмұнын толықтыра отырып, болашақ тұлға мәдениетін қалыптастыра алады.

Білім беру мен қоғамның өзара детерминанттық жүйелі қатынастары білімді пәндік біліммен толықтыруды емес, білімді баланың қажеттілігіне қарай оның өмірлік тәжірибесімен ұштастыруға, оған әлеуметтік контекст енгізуге, өркениет үдерістерінің өзегін қаншалықты сезіне білуге жетелейді. Қазіргі білім үлгісіндегі күрделі де қарама-қайшылығы мол үдерістердің уақыт талабын қанағаттандыра алмауы күн тәртібіне білім беруді түбегейлі қайта қарауды қойып отыр. Мұндағы басты мақсат білім мазмұнын өзгерту, оқу мерзімін ұзарту немесе пәндер көлемін ұлғайтумен шектеліп қалмай, білім беру кеңістігіндегі құндылық бағыттарының өзгеруіне байланысты рухани, адамгершілік өлшемдерін терең түсіну; адамның білім беру үдерісі арқылы рухани құндылықтармен қауышып, әлем мәдениетіне қол жеткізу болып отыр. Бұл орайда, қазақ халқының әлемдік өркениеттегі орнын айқындайтын рухани құндылықтар мәйегін талдап, бүгінгі ұрпаққа жеткізуші құзырлы ұстаздарды тәрбиелеу басты шарттардың бірі болып табылады.

«Құзырлылық» түсінігінің мәні

«Құзырлылық» – бүгінгі күннің шынайылық белгісі. Біз категория ретіндегі құзырлылықтың шынайылығын айқындауда логиканың басқа да «қарсы көзқарас», «тепе-теңдік» заңдары мен материалистік диалектиканың «қарама-қарсылықтар бірлігі мен күресі», «сандық өзгерістерінің сапалық өзгерістерге өту», «терістеуді терістеу» заңдарын арқау етіп аламыз. Өйткені педагогиканың негізгі заңдылықтары мен ұстанымдары ақыл-парасат пен фактілердің ақиқаттығынан туындайды. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуы логиканың және материалистік диалектиканың заңдарынан туындайтын педагогикалық ұстанымдар, заңдылықтар арасындағы байланыс негізінде ашылады.

Логиканың қарсы көзқарас заңы бойынша егер А пікірінен кейін Ә пікірі туындаса, онда Ә пікірін жоққа шығарудан А пікірінің жоққа шығарылуы туады делінген. Дәл сол секілді білім, білік, дағды категорияларының бір ғасырлық жинақталған ой-тұжырымдарынан

туындаған «құзырлылықты» жоққа шығарудың мүмкін еместігіне көз жеткіземіз. Формальды логиканың тепе-теңдік заңына сәйкес, ой таразысынан өткізіліп отырған объектінің (құзырлылық) дамуы мен өзгеруін белгілі бір дәрежеде абстрактілеу міндеті туындайды. Сондықтан да құзырлылықтың категория ретіндегі дамуы қозғалыстың ішкі көзін көрсететін материалистік диалектиканың қайшылық заңының тепе-теңдік, өзгешелік, қарама-қарсылық даму сатылары арқылы қарастырылады.

«Құзырлылық» өз-өзіне айтарлықтай тепе-теңдікте, өйткені «құзырлылықтың» астарында ескілікпен қоса, жаңалық атаулының алғышарттары, өз-өзінен өзгеше және тепе-теңдікке бағынған сәттері қамтылған. Құзырлылық ұғымындағы өзгешелік әлі толық дамымаған. Құзырлылық ұғымының енуіне байланысты жаңалық пен ескіліктің қатар өмір сүруі бірінші кезекке шыққанымен, құзырлылықтың жаңалық қыры ескілікті теріске шығару ретінде жүзеге асырылады.

Құзырлылықтың категория ретіндегі қайшылығын оның жаңалық пен ескілікті тепе-теңдікте ұстауынан көреміз.

Құзырлылықтың категория ретіндегі қайшылық сатылары:

Тепе-теңдік: жаңалық = ескілік.

Өзгешелік: жаңалық \geq ескілік.

Қарама-қарсылық: жаңалық пен ескілік бірін-бірі теріске шығара отырып, қарама-қарсы нәрселер бір-біріне айналады. Мысалы, құзырлылық өзінің ішкі қозғалысымен білім саласындағы *сапаның* дайын сұраққа дайын жауап арқылы бағалануын теріске шығара отырып, шешімі жоқ сұрақтардың жауабы арқылы бағалауды бірінші кезекке қояды. Белгілі бір заттағы қайшылықтың ең жоғарғы сатысына жетуі, бір мезгілде оның жойылып кетуі, алғышарттарының айқындалуы, өзінің ішкі қозғалысымен өзін-өзі теріске шығаруы құзырлылықтың категория ретіндегі мазмұнының объективтілігін сипаттайды. Ф.И. Захаров категорияның объективтілігі жөнінде былай дейді: «кез келген категория өзінің мазмұны бойынша объективті, формасы бойынша субъективті. Категорияның объективтілігін адам санасынан тыс объективті әлемдегі бар байланыстар мен белгілі жалпы жақтарынан тұратын мазмұн құрайды. Субъективтілігі – адамға қатысты шынайылықтың логикалық,

абстрактілік шағылысу формасында» [6, 126-128 б.]. Құзырлылықтың категория ретінде ішкі қозғалысы, ішкі және тұрақты байланысы, өзін-өзі теріске шығаруы логиканың, материалистік диалектиканың заңдарынан туындайтын педагогикалық заңдылықтар мен ұстанымдар арқылы ашылады (1-сурет).

Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде даму заңдылықтары

Білімге қатысты педагогикалық заң В.И. Андреев зерттеулерінде, объективті, маңызды, қажетті, жалпы, белгілі педагогикалық жағдайларда құбылыстың тұрақты қайталануы, педагогикалық жүйе компоненттерінің арасындағы өзара байланысы, өзін-өзі жүзеге асыру механизмі мен тұтас педагогикалық жүйенің өздік дамуын белгілеуші педагогикалық категория» деп қарастырылады [7, 3-7 б.]. Егер педагогикалық заң педагогикалық жүйедегі маңызды байланыстарды ашатын болса, ал заңдылық педагогикалық жүйенің жеке компоненттеріне, элементтеріне қатысты қолданылады. Мысалы, педагогикалық үдеріс заңдылықтары, оқыту заңдылықтары, т.б. әлеуметтік жағдайлармен, адамның табиғатымен, педагогикалық үдерістің мәнімен шартталады.

Дидактикалық заң және заңдылықтардың ерекшелігі, И.Я. Лернер бойынша олардың негізгі үш элементі – оқыту және оқу қызметтері мен меңгеру (білім мазмұны) объектілері арасындағы тұрақты байланысты көрсетуінде. И.Я. Лернердің кейінгі еңбектерінде заңдылықтар төмендегідей жіктеледі:


1. Оқытудың тәрбиелік сипаты.

2. Оқытушы мен білім алушы және оқылатын объект арасындағы мақсатты бағдарланған өзара әрекет.

3. Оқылатын мазмұнның меңгеру тәсілдері есепке алынған оқушы мақсаты мен мұғалім мақсатының сәйкес келуі.

4. Оқыту тек оқушының белсенді қызметі арқылы жүреді [8].

И.П. Подласый тұтас оқу үдерісі жүйесінің компоненттеріне сай оқу үдерісіндегі заң және заңдылықтарды 7 жалпы және 6 нақты топтарға жинақтайды. Жалпы заңдылықтар тобына ғалым мақсат, мазмұн, сапа, оқыту әдістері, оқытуды басқару және ынталандыруды жатқызады. Нақты заңдылықтар дидактикалық, гносеологиялық, кибернетикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық деп топтастырылған.



1-сурет – Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының заңдылықтары мен ұстанымдары

Жалпы заңдылық. Оқыту мақсаты:

- а) қоғамның даму қарқыны мен деңгейіне;
- ә) қоғамның мүмкіндігі мен қажеттілігіне;
- б) педагогика ғылымы мен практикасының мүмкіндігі мен даму деңгейіне бағынышты.

Дидактикалық заңдылық: оқыту нәтижесі: (белгілі дәрежеде) оқытудың ұзақтығына тура пропорционалды.

Гносеологиялық заңдылық: оқыту нәтижесі (белгілі дәрежеде) оқушылардың оқу біліктілігіне тура пропорционалды.

Психологиялық заңдылық: оқытудың өнімділігі (белгілі дәрежеде) білім алушының оқу әрекетіне, қызығушылығына тура пропорционалды.

Кибернетикалық заңдылық: оқытудың тиімділігі (белгілі дәрежеде) кері байланыстың жиілігіне және көлеміне тура пропорционалды.

Әлеуметтік заңдылық: индивидтің дамуы тікелей немесе жанама қарым-қатынастағы басқа адамдардың дамуымен шартталған.

Ұйымдастырушылық заңдылық: оқыту нәтижесі (белгілі дәрежеде) өзінің оқу

міндеттеріне, оқу еңбегіне тура пропорционалды [9, 26-29 б.].

Тұтас оқу үдерісінің кең ауқымды заңдары, сөз жоқ жаңа білім парадигмасы үшін де өзінің күшін сақтап қалады. Біздің ойымызша, «оқыту нәтижесінің оқытудың ұзақтығына тура пропорционалдығы» бүгінгі таңда басқа қырынан қайта қарауды талап етеді. Сонымен бірге заңдылықтардың құрылымы мен жүйелілігі және олардың сатылы деңгейлері де ізденістерді қажет етеді.

Қазіргі дидактикалық зерттеулерге сай, тұтас педагогикалық үдеріске қатысты жаңаны танып білу мен ескіні өзгерту барысында білім алудың белгілі 4 заңдылығын (білім алушы мен мақсат; мақсат пен білім мазмұны; білім алушы мен білім беруші, мақсат пен үдеріс) төмендегідей 2 заңдылықпен толықтырудың қажеттілігі туындап отыр деп ойлаймыз.

Олар:


- әлеуметтік орта сұранысы мен білім алушы арасындағы байланыс;
- мақсат пен нәтиже арасындағы байланысты сипаттайды. Біз ұсынып отырған бұл заңдылықтар арасындағы байланыс «Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесі» үлгісінде бейнеленген (2-сурет).

Нәтижеге бағдарланған білім жүйесінің микро және макро элементтерін, олардың атқаратын қызметтерін ажырату, жүйеге кіретін бала, жүйеден шығатын түлек деп айқындауға мүмкіндік берді.

«Бала» – жүйенің макро құрылымдық элементі. Ол жүйеге кірген сәттен бастап «оқушы» мәртебесіне ие болып, жүйе құрушы элементі рөлін атқарады.

Баланың, ата-ананың, әлеуметтік ортаның сұраныстары, оқушының талап-тілектерінен туындайтын екінші элемент – мақсат. Сұраныстар негізінен туындаған мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті білім мазмұны нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің үшінші элементі болып табылады. Білім мазмұны деген жалпы ұғым «Білім туралы» заңның 13-бабында көрсетілгендей, жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер кешені: білім тұжырымдамасы, білім стандарты, білім бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарын, т.б. біріктіреді [10].

Анықталған білім мазмұны төртінші элемент дидактикалық үдеріс барысында мұғалімнің әртүрлі педагогикалық әді-тәсілдерді пайдалануы, ұйымдастыруы арқылы толық жүзеге асады. Дидактикалық үдерісті жүзеге асырушы, тұлға тәрбиелеуші мұғалім бесінші элемент, ал мақсатпен нәтиженің қатынасын, күтілетін нәтиженің сапасын айқындаудағы диагностикалық, мониторингтік қызметпен айналысатын білім беруді басқару ұйымдары нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесінің алтыншы элементі болып табылады.



2-сурет – Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің «шығу» критерийі

Біз бұл үлгіден микро, макро жүйе арасындағы тұтастықты «бала-оқушы-түлек» мәртебесіндегі негізгі элементтер құрайтындығын, бала жүйеге «кіру» элементінің, түлек жүйеден «шығу» элементінің рөлін атқарып тұрғандығын көреміз. Жүйеге «кіруді» реттеудің мәні баланың дайындығын тексеру. Яғни «дайындық» кіру критерийінің қызметін атқарады. Д.Н. Узнадзе бойынша дайындық қандай да бір қажеттіліктің пайда болуы және оны қанағаттандыру ситуацияларына тән жағдай, тұлғаның өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған нақты қызметті орындау бекімі деп анықталады [11]. «Дайындық» критерийі мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті айналасында нақты бір қызметке қатысты зерттелгендігін көрсетеді. Жалпы іс-әрекеттің тиімділігін бағалау үшін бір ғана дайындықтың жеткіліксіздігіне Н.Д. Хмель ерекше назар аударған. Н.Д. Хмель мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке дайындығын әлеуметтік маңызды мотивтерінің, психологиялық-педагогикалық білім жиынтықтары және тұтас педагогикалық үдеріс іс-әрекетінің жемісті орындалуын анықтаушы әрекет тәсілдері компоненттерінің болуымен сипаттайды [12].

Дж. Дьюи «білім беру – дайындық ретінде балаларды ересектер өмірінің міндеттеріне, артықшылықтарына дайындайды. Бала қоғамның толыққанды, толық құқықты мүшесі деп саналмайды, ол күту парағына ендірілген кандидат секілді. Білім бала мотивациясына сүйенбейді, ол толық түпнұсқалық стимулдардан айырылған» деген дәстүрлі білімге қатысты тұжырымдары кімді болса ойландырмай қалуы мүмкін емес [13, 327 б.].

Үлгіде пайдаланылып отырған «дайындық» критерийі оқушының өзінің алдына қойған

мақсатын білім мазмұны арқылы дидактикалық үдеріс барысында жүзеге асыру мүмкіндіктерін айқындай алады. Ал «білім беру жүйесінен шыққан түлек мүмкіндіктерін» немен, қалай айқындаймыз деген жалпы сұраққа әртүрлі жауап беруге болады, бірақ жауап бермес бұрын, сұрақтың «білім беру жүйесінен шыққан» деген жерлеріне назар аударарлық. Түлектің стандартталған білім жүйесінен кейінгі әлеуметтік ортадағы келесі бір жүйеге енуі, түлек үшін де, ата-ана үшін де оның тек өзіне, өзінің құзырына байланысты шешім қабылдауды талап ететін жаңа ситуация болып табылады.

Қорытынды

Сондықтан да нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесінен күтілетін нәтиже – түлек болса, оның сапасы қандай? Нәтижеге бағдарланған білім жүйесінен қандай түлектер шығады? деген сұрақтардың жауабын педагогикалық категория ретіндегі құзырлылық категориясынан іздейміз. Өйткені құзырлылық табиғаты оқу нәтижесінен бастау алғанымен, негізінен, іс-әрекеттік, тұлғалық тәжірибелерінің өз бетімен ұйымдас-тырылуында, адамның өздік дамуының, өздік өсу сатысына көтерілуінің салдары, құзырлылық жеке пәндер жетістіктерінің емес, білім беру жүйесінің нәтижесі деген тұжырымдарымызға сәйкес түлектің нәтижелілігін, тиімділігін айқындаушы «шығу» критерийі рөлін атқарады деген түйінге тоқталамыз.

«Құзырлылықтың» педагогикалық категория ретінде дамуын әлеуметтік орта сұранысы мен білім алушы арасындағы және мақсат пен нәтиже арасындағы байланыс заңдылықтарына сүйене отырып қарастыру бүгінгі заманауи талаптары деп ойлаймын.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылымда //Егемен Қазақстан. – 2004. – 13 қазан. – № 225. – 1-27 бб.
- 2 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы. – Астана. – 2010
- 3 Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.
- 4 «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Ұлт көшбасшысы – Президенттің жолдауы. – 2012. – 27 қаңтар.
- 5 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамалық және ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы, 2008. – 328 б.

- 6 Захаров Ф.И. Философия и методы научного познания. – М.: Лениниздат, 1972. – 263 с.
- 7 Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. 2-е изд. – Казань: Центр инновационных технологий, 2002. – 17 с.
- 8 Лернер И.Я. Теория современного процесса обучения, ее значение для практики // Современная педагогика. – 1989. – № 11. – С. 1-17.
- 9 Подласый И.П. «Педагогика». – М.: «Владос», 1999. – Т.1. – 574 с.
- 10 Білім туралы. ҚР 2007 ж. 27 шілдедегі № 319-III Заңы. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – 216 б.
- 11 Узнадзе Д.Н. Экспериментальные основы и психологические установки. – Тбилиси: Изд-во АНТССР, 1961. – 210 с.
- 12 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя (педагогика для учителя). – Алматы: Ғылым, 1998. – 320 с.
- 13 Дьюи Дж. Демократия и образование: пер. с англ. – М.: Педагогика-Пресс, 2000. – 384 с.
- 14 Кудайбергенова К.С. Формирование готовности учителей общеобразовательных школ к профессиональной самореализации (инновационный аспект): дис. ... канд. пед.наук. – Алматы, 2002. – 145 с.

Reference

- 1 Nazarbayev N.A. The future of a free nation deep in to provide a broad science // Egemen Kazakhstan. – 2004, October, 13. – № 225. – P. 1-27.
- 2 State Programme of education Development in Kazakhstan for 2011-2020... – Astana, 2010.
- 3 Abai. Words of edification. – Almaty: Oner, 2006. – 124 p.
- 4 «Social-economic modernization, the main vector of development of Kazakhstan,» the Message of President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the people. January 27, 2012.
- 5 Kudaibergenova K.S. Competence as a criterion of quality of education: methodological and theoretical foundations. – Almaty, 2008. – 328 p.
- 6 Zaharov F.I. Philosophy and methods of scientific knowledge. – M.: Lenizdat, 1972. – 263 p.
- 7 Andreev V.I. Pedagogic: a training course for creative self-development. Second edition. – Kazan: Center of innovative technologies, 2002. – 17 p.
- 8 Lerner I.Ya. Theory of modern learning process, its implications for practice // Modern pedagogic. – 1989. – № 11. – P. 1-17.
- 9 Podlasyi I.P. «Pedagogic». – M.: «Vladос», 1999. – Vol.1. – 574 p.
- 10 The law on education of the Republic of Kazakhstan. 2007. 27 July. № 319-III. Collection normative acts. – Almaty: Jurist, 2008. – 216 p
- 11 Uznadze D.N. Experimental bases and attitudes. – Tbilisi, 1961. – 210 p.
- 12 Hmel N.D. Theoretical bases of professional training of teachers (pedagogic for teachers). – Almaty: Science, 1998. – 320 p.
- 13 Dewey George. Democracy and education/ Translation from English. – M.: Pedagogic-Press, 2000. – 384 p.
- 14 Kudaibergenova K.S. Formation of readiness of teachers of secondary schools to professional self-realization (the innovative aspect): dissertation of the candidate of pedagogical Sciences. – Almaty, 2002. – 145.